

6D110200- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Шаймбетов Жангельды Мырзагельдиевичтің «Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілері» диссертациялық жұмысына ресми рецензент м.ғ.д., профессор Керімбаева Закира Амирқызының

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (тәжірибе мен ғылымды және техниканы дамыту сұранысы).

Соңғы жылдары өндірістік процестерді техникалық жетілдіру және қарқындыландыру бойынша қарқынды процес жүріп жатыр, бұл өндірістік зиянды әсер ету жағдайында жұмыс жасайтындар контингентінің ұлғаюымен сүйемелденуінде. Республика аумағында ірі, орта және шағын бизнесте 20 мыңға жуық кәсіпорындар жұмыс істеуде, Қазақстан Республикасында бекітілген еңбек стандарттарына сәйкес тау-кен кәсіпорыны, мұнай-газ өндіру және мұнай-газ өңдеу өнеркәсіптері зиянды және қауіпті өндірістерге жатады. Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында өндірісте жұмыспен қамтылған халық санының жыл сайынғы өсімі байқалады, бұл экономикалық белсенді халық санының одан ары артуына әкелуде. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтынан елімізде санитарлық гигиеналық норма талаптарына сай келмейтін жағдайда 370,1 мың адамның жұмыс жасайтындығы мәлім. Республиканың көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарының ұйымдық құқықтық меншік нысандарының өзгеруіне байланысты кәсіпорындарда медициналық қызмет жүйесі бұзылған, бұл жұмыс жасайтын жұмысшылардың сырқаттануы мен өлімінің өсуіне себепкер болуда. Жұмысшылардың денсаулығын сақтау және нығайту бүкіл әлемдегі денсаулық сақтау мәселелерінің біріне айналғаны сөзсіз.

Диссертациялық жұмыс Батыс Қазақстан аймағында кәсіби аурушандық деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеуге және зиянды мен қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың тиімді жүйесін құруға бағытталған. Сондықтан да Ж.М.Шаймбетовтың диссертациялық жұмысының мақсатты қоюы өзекті, шешілетін міндеттері денсаулық сақтаудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыс кәсіби аурушандық деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеуге және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшыларды міндетті медициналық тексеруді өткізудің сапасы мен тиімділігі критерийлерін зерттеді, ғылыми негіздеген және оны дәстүрлі стильде автордың өзі жазған, жұмыс кіріспеден, әдеби

шолудан, материалдар мен зерттеу әдістерінен, өзіндік зерттеу нәтижелерінен алынған нәтижелерді талдаудан, пайдаланылған әдебиет көздерінен тұрады.

6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін қорғауға ұсынылған диссертациясына қойылатын талаптарына шеңберіндегі ғылыми нәтижелер ретінде мыналарды ажыратуға болады:

1. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың санына жүргізілген талдау оның Ақтөбе облысында төмендегенін көрсетті, ал Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында керісінше, көрсеткіштің нақты өсуі анықталды. Батыс Қазақстан өңірлерінде кәсіби аурушандықтың төмен деңгейі тіркелді, бұл орташа республикалық көрсеткіштерден төмен ($p < 0,05$).

2. Жеке кәсіби тәуекелді бағалау негізінде Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының өнеркәсіптік кәсіпорындары жұмысшыларының арасында кәсіби тәуекелдерден қорғалу дәрежесін есептеу тиісінше 55%, 58,7%, 61,5%, 73,7% құрады. Батыс Қазақстан өңірінің жұмысшылары арасында презентеизмнің таралуы жоғары болды (61%).

3. Зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелері бойынша еңбек жағдайларының санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамаларының 74,5%-ында тағылымдамадан өткен жұмысшылардың нақты еңбек жағдайларын көрсетпейді, бұл кәсіби аурудың диагнозын белгілеудегі негізгі құжат ретінде еңбек жағдайларының санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасының құнын айтарлықтай төмендетеді.

4. Ақтөбе облысында міндетті медициналық тексерулер мен кәсіби аурулардың алғашқы сараптау нәтижелерінің сәйкестігі коэффициенті 2013, 2014, 2015, 2016 жылдары сәйкесінше 1,5%, 3,8%, 0,95%, 2,6% құрады, ал 2017 жылы нөлге тең болды. Басқа барлық зерттелген аймақтарда бұл нөл болды.

5. Ақтөбе облысынан басқа Батыс Қазақстанның барлық өңірлерінде зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың медициналық тексеруден өткізетін медициналық мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі және кадрлық қамтамасыз етілуінің төмендігі байқалады және бұл жағдай жалпы соматикалық аурулардың төмен анықталуының негізгі себебі болып табылады.

Докторанттың ғылыми нәтижелері денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселені, қолданбалы мәселені шешуге бағытталған, теориялық және практикалық мәні жоғары. Зерттеу нәтижелері бұл жұмыстың 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін қорғауға ұсынылған диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес зиянды мен қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерінің жиынтығын шешуге ғылыми үлес ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің (ғылыми ережесі) қортындысы мен тұжырымдарының дұрыстығы мен негізділік деңгейі.

Диссертацияның барлық қорытындылары мен ережелері жеткілікті негізделген және дәлелденген. Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер мен жасалған қорытындылар зерттеулердің жеткілікті көлемі және алынған нәтижелерге мұқият бағалау жүргізу негізінде тұжырымдалған. Зерттеу нәтижелерін бағалау үшін статистикалық бағдарламалардың қазіргі заманғы пакеті қолданылған, бұл әрбір ғылыми жағдай мен қорытындылардың негізділігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Бір уақытта көлденең зерттеуге, зиянды еңбек жағдайларда қызмет ететін жұмысшылардың саны мен кәсіби аурушандықтың деңгейін, медициналық тексерулердің сапасын ретроспективті зерттеуге, сондай-ақ еңбек жағдайларының санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамаларын талдауға, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық және кадрлармен қамтамасыз етілуіне және жұмысшыларға сауалнама жүргізуге негізделген зерттеудің сәтті құрылған дизайны зерттеу нәтижелеріне ғылыми дәлелдер базасын жасауға мүмкіндік берді.

Ақпараттық-талдамалық, ретроспективті және контент-талдауды, эпидемиологиялық дескриптивтік талдауды және әлеуметтанушылық зерттеулерді пайдалану ғылыми зерттеулердің жаңалығының қажетті деңгейіне қол жеткізуге және диссертациялық жұмыстың ережелері мен тұжырымдарын объективті негіздеуге мүмкіндік берді.

Қойылған міндеттерге сәйкес қазіргі заманғы зерттеу әдістерін қолдану аймақтағы кәсіби аурушандықтың төмен деңгейін анықтаудың объективті себептеріне қатысты жаңа, сенімді маңызды ғылыми материал алуға, сондай-ақ диссертант ұсынған міндетті медициналық тексерулердің сапасын бағалау индикаторларының тиімділігін ғылыми дәлелдеуге мүмкіндік берді.

4. Диссертацияда тұжырымдалған диссертантың әрбір ғылыми нәтиженің (ереже) жаңалығы және диссертацияның қорытындылау дәрежесі.

Ж.М.Шаймбетов жүргізген зерттеулерден алынған нәтижелердің барлығы жаңашылдығымен ерекшеленеді, өйткені кәсіби аурушандық деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеу және зиянды мен қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың тиімді жүйесін құру мәселесін шешу бойынша алғаш рет жүргізілген зерттеулер болып табылады.

Жұмыстың теориялық нәтижелерінің сенімділігі отандық және шетелдік авторлардың танымал жұмыстарында ұсынылған мәліметтерімен расталады.

5. Нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Диссертантпен алынған нәтижелердің ішкі бірлігі, ең бірінші, олардың біртұтас мәселенің шешімін біріктіретіндігінде — зиянды мен қауіпті еңбек

жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды жан - жақты зерттеп ғылыми негіздеу.

Жұмыс барысында жүргізілген ғылыми зерттеулер диссертацияда құрастырылған зерттеулер бағдарламасына сәйкес логикалық дәйектілікпен берілген. Жұмыстың нәтижелері бұл логикалық өзара байланысты және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған жоспраналанған зерттеудің ғылыми жалпылау нәтижесі болып табылады.

Жалпы диссертацияның барлық бөлімдері, негізгі ережелері, тұжырымдары мен қорытындылары автормен алынған нәтижелерге негізделген, ішкі біртұтастыққа ие және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.

6. Алынған нәтижелердің өзекті, теориялық немесе қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталуы.

Жұмыстың мақсаты мен қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысында алынған нәтижелері зиянды мен қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған.

Докторантпен жүргізілген зерттеулер өзекті және практикалық медицинаның қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы нәтижелерді Қазақстан Республикасындағы кәсіби патологиялық қызметтің аймақтық ерекшеліктерімен сәйкестендіруге байланысты.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы авторлық куәлікпен және зерттеудің ғылыми нәтижелерінің аймақтық денсаулық сақтау басқармалыры мен тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменттерінің қызметіне енгізілуімен расталады.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларын, нәтижелерін, тұжырымдары мен қорытындыларын жариялаудың жеткілікті толықтығын растау.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен ұсыныстары 11 жұмыста жарияланды, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған 3 басылым, халықаралық және шетелдік конференциялар жинақтарында 5 жарияланым; 2 мақала Scopus – «Georgian Medical News», «Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences»; базасында индекстелген журналдарда жарияланды.

Докторант 1 әдістемелік нұсқаулық әзірледі, авторлық куәлік алды. Жоғарыда аталғандар диссертацияның негізгі ережелерін, нәтижелерін, қорытындылары мен қорытындыларын жариялаудың жеткілікті толықтығын және диссертанттың «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығының талаптарын орындауын растайды.

8 Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Аннотация диссертация мазмұнына сәйкес келеді.

9. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кемшіліктер.

Маңызды ескертпелер жоқ. Ж.М.Шаймбетовтың диссертациялық жұмысының деңгейін оң бағалай отырып, рецензиялау барысында туындаған мәселелер бойынша түсініктемелер алып, кейбір ескерту мен ұсыныстар айтқым келеді:

1. 1-қорытындыға сәйкес, Ақтөбе облысын қоспағанда, Батыс Қазақстан өңірлерінде зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасайтындар санының артуының нақты қарқыны анықталды. Кәсіби аурудың көрсеткіші мен зиянды еңбек жағдайында жұмыс жасайтын жұмысшылардың саны арасында корреляциялық байланыстың жоқтығын қалай түсіндіресіз?

2. Менің ойымша, практикалық ұсыныстарда тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамаларды дайындауды жақсарту әдістері мен нысандарын егжей-тегжейлі қарастырған жөн.

3. Диссертация мәтінінде кейбір стилистикалық қателер бар.

10. Диссертацияның 6D110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша докторантқа дәрежелер беру және философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі қағидаларының талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды.

Ж.М.Шаймбетовтың Диссертациялық жұмысы «Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілері» тақырыбы бойынша жаңа ғылыми нәтижелерді қамтитын және медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеу, Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілерін зерделеу негізінде жұмыс жасайтын контингенттің денсаулық деңгейін арттыруға бағытталған басқару шараларын әзірлеу жөніндегі маңызды ғылыми міндетті шешетін аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету, ҚР білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау Комитетінің 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға жазылған диссертацияға қойылатын талаптарына сәйкескеледі, ал автор философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**«Астана медицина университеті» КеАҚ
Қоғамдық денсаулық сақтау және
менеджмент кафедрасының профессоры**

Керімбаева З.А.